Автократоним, автоэтноним и автополитоним Казахского Государства – «Qazaq», «Казак», «Казах» в европейских языках мы встречаем на картах XV-XIX под экзоэтнонимами, экзополитотонимами и экзократонимами «Pays de Geta», «Pays de Geta», «Land des Geta», «Country of Geta», «Calzag», «Quadrilla de Tataros Kazakos», «Kasacola Horda», «Kazakos», «Cassachi», «Cassachios», «Cassaci», «Cassacki», «Cassacky», «Cassak», «Caßakia», «Cassaky», «Cassaquy», «Cassaccia Horda», «Cassackia», «Casatshi», «Cazalgites», «Royaume des Kazakhs», «Royaume des Chazalgites», «Urbs Cossacorum», «Gazite Populi», «Chalzag Stati del Tartaro», «Chalzag», «Chalzak», «Chazalgites», «Cosaccorum», «Coßaqorum Horda», «Cosacki», «Cosaki», «Cosaq», «Cosaques Errans», «Cosaski», «Gazitae Chanaaket» (Қазақ Хандығы, Казахское Ханство), «Gazitae», «Hacsaxa»,

«Independent Kassaks», «Independent Tartars», «Independent Tartary», «Independent Turkestan», «Kaisaken», «Kaisaks», «Kaissaken», «Kaissaks», «Kaizaken», «Kalzag», «Karsak», «Kasacha», «Kasatsha Horda Tartars», «Kasatshia», «Kassakos», «Kasaccia Horda», «Kasake», «Kasakhe», «Kasakhi», «Kasaki Tartares», «Kasaki», «Kasaki Tartari», «Kasakia», «Kasakki Tartari», «Kasakki Tartari», «Kasakki», «Kasaks», «Kasatchia Horda», «Kasatscha Horda Tartars», «Kasatschia Horda», «Kasatschia Orda», «Kasatsha», «Kasatsia Horda», «Kasatsia Horden», «Kasatsia», «Kasazier Orda», «Kasacia», «Kaski Tartari», «Kassacia Horda», «Kassacia», «Kassaki Tartari», «Kassaki Tartari», «Kassaki», «Kassakia Horda», «Kassakia», «Kassackia», «Kayissaks», «Kayissaks», «Kazak», «Kzaschia», «Kazatchia Horda», «Kazatchia», «Kazatschia», «Kazatsia Horde», «Khasaks», «Khasaks», «Khirghiz Kaizak», «Kirgees», «Kirghis Kaisaks», «Kirghis Kaissaks», «Kirghisen», «Kirghises», «Kirghisi», «Kirghiz Kaisaks», «Kirghiz Khasaks», «Kirghiz Tartars», «Kirghiz», «Kirghiz-Kayissaks», «Kirgises», «Kirgisi Cosacki», «Kirgiz Kaizaken», «Kirguises», «Land der Kirgis Kaisaken», «Pays De Kaissaks», «Pays De Kassaks», «Pays des Kirghiz-Kaissaks», «Tartarie Independante», «Tatarie Independante» и много других.» и мн. другие.

На многих картах, Казахское Государство обозначено дважды-трижды, что отвечает европейской традиции картографии, топонимии рассматриваемого периода передавать все имеющиеся кратонимы, политонимы и этнонимы какого-либо государства на известных им языках, их орфоэпических нормах (нормах произношения). Так как карты выпускались европейскими учеными, географами, картографами, издателями прежде всего для европейских читателей, путешественников, исследователей, читающей на многих национальных языках. Например, наименования Каспийского моря даются часто со всеми известными им европейцам именами, что также в традиции не только нидерландских, но и в целом европейских географов, картографов того времени – “Mare de Sala Olim Caspium” (Mare de

Sala Olim Caspium) и т.д.

Позже те же самые процессы мы можем наблюдать у американских ученых, географов, картографов и издателей.

В передовых картографических издательствах Нидерландов, Бельгии, Англии, Франции, Италии, Германии, Австрии и США Казахское Государство стабильно присутствует на издаваемых политических и иных атласах в рассматриваемом нами периоде истории.

Единство европейских исследователей, картографов, путешественников, а позже и американских, в обозначении и написании Казахского Государства в своих атласах XVI-XIX веков, кратонима, политонима Казахского Государства отражает ситуацию, когда наименование государство с момента образования Казахского ханства в 1465 году, перейдя из сугубо автоэтнонима, становится узнаваемым на карте мира, закрепленным институционально, и самое главное - признаваемым одновременно политонимом, топонимом и кратонимом.

Другой отличительной особенностью молодого Казахского Государства XV века, подтверждаемой многими восточными и западными историческими источниками, явилось также и то, что с самого начала это было не разделенное на удельные владения, княжества государственное объединение, как это можно было наблюдать в соседних государствах. Казахское Государство с момента своего образования было сплоченным и единым государством. Именно это повлияло на преемственность кратонима и политонима Казахского Государства, что последовательно отразили на своих языках мировые картографы XV-XIX веков.

Все выше указанные традиции продолжают и в современном Казахстане - Мәңгілік Ел, Ұлы Дала Елі, имеющей славную историю предков, достойную уважения и гордости его потомков. Страны с непрерывной историей государственности в международном содружестве народов, уверенно обращенной в будущее.

Найденные и опубликованные в книге-атласе европейские и американские карты XVI-XIX веков, где указано Казахское Государство,

сопроводительные научные данные к ним, полные системные параметры карт, вводятся в научно-исследовательский, научно-образовательный и культурный, информационный оборот Казахстана **впервые**. Уверены, они станут базой для будущих плодотворных междисциплинарных исследований.

Также на картах этой книги мы можем увидеть политонимы, кратонимы наших соседних государств, народов Евразии, Центральной Азии на протяжении охватываемого периода.

После дипломатов и картографов, в земли Казакии первыми шли религиозные миссионеры, которые оставили после себя очень подробные карты Казахского Государства. Есть карты, которые регистрируют историю развития многих религий и конфессий на обширных и богатыми пространствах Казахского Государства и Евразии. Тем более этноконфессиональная картина региона была в те века весьма подвижной и активной.

Исторические карты - это ведь не только о географии и истории. Карты Казахского Государства XV-XIX веков - это также бесценные источники для религиоведения и конфессиологии, лингвистики и литературоведения, миграции, демографии, метрологии, топонимии и ономастики, тюркологии и европеистики вкупе с американистикой, социологии и статистики, изменений климата, этнологии и истории национальной одежды, урбанистики, военного дела, истории государственности и колониальных завоеваний, постколониальных дискурсах, политике исторической памяти и символике, геральдике и вексиллологии, международном и казахском праве, издательском деле, истории искусств и мн. другое.

Карты - это всегда бесценный и полный массы новой фактологии источники.

В своих поисках и исследованиях, находя карты, где обозначено Казахское Государство, мое сердце как Казаха, ученого, патриота своей страны, наполнялось светом счастья, огромной радостью, волнением и гордостью за наших предков. Они оставили нам

бесценное наследие: государственность, огромнейшие земли – 9-ую территорию мира, страну, имя государства, язык и богатую историю и культуру, зафиксированных мировыми учеными и картографами в своих трудах.

Автором-составителем атласа написаны два авторских раздела по европейской и американской картографии Казахского Государства в готовящееся Академией наук РК новое пятитомное фундаментальное издание по истории Казахстана.

Методология работы с картами.

Все карты в этой книге даны в высоком разрешении.

Все без исключения карты имеют свои *полные, систематизированные выходные данные, технические параметры.*

То есть, каждая приведенная в этой книге карта для удобства, систематизации и охвата полноты имеющихся сведений, сопровождается выходными данными, техническими параметрами.

- Название карты в оригинале, страна и год издания (жирным шрифтом),
- Автор (-ы) карты;
- Год (-ы) издания карты,
- Наименование Казахского Государства на карте;
- Краткое название карты;
- Полное название карты;
- Издатель карты;
- Местонахождение издателя (город издания);
- Тип карты;
- Высота объекта (карты), в см;
- Ширина объекта (карты), в см;
- Масштаб карты;
- Мировая зона карты;
- Название карты, атласа от издателя;
- Тип публикации;
- Коллекция, в которой в данное время хранится данная конкретная карта.

Таким образом, читатель, исследователь имеет в своем распоряжении все параметры конкретной карты.

Далее идут полные выходные данные карты, параметры карты в виде табличных данных, что является важным для дальнейшего научного изучения, ссылок и цитирования.

Ряд карт, в особенности XVI-XVII веков,

содержат авторские подробные описания-дескрипторы к ним, комментарии, в которых описаны интересные сведения по карте, ее топонимии, особенности, история появления и написания карты, интересные сведения из жизни и биографии авторов – ученых географов, картографов, путешественников. Также переведены на три языка: казахский, английский, русский все описания создателей карт на латинском языке, живых европейских языках касающиеся Казахского Государства. Они также вводятся впервые.

Целью книги *не является* изучение соответствия картам прошлого, XVI-XIX веков продвинутой технологической современности, поиском и указанию неточностей, ошибок в топонимии в картах ученых, путешественников, географов и картографов того времени, сопоставление с современными границами указанных государств, сравнения карт прошлого с современными геореференсами (данными пространственного местоположения, в том числе цифровыми) и т.п.

Целью книги, как мы указали выше, *является* представление, фиксация и первое введение в научно-исследовательский, культурно-информационный оборот многих из представленных европейских и американских карт, где указано Казахское Государство, для дальнейшего междисциплинарного изучения.

По каждой карте в будущем будут написаны множество научных статей, диссертаций, так как каждая карта – ценнейший письменный источник.

Карты даются в трех видах:

Первый – наиболее зумированный, укрупненный участок карты, где указано собственно Казахское Государство.

Второй – участок карты в контексте региона или континента (в случаях карт мира).

Третий – карта в своем исходном полном виде.

Автор-составитель выбрали наиболее удобный для визуализации сканов и фотокопий карт и атласов крупный формат книги – А3.

В развороте двух страниц карты

получают формат А2, что позволит читателям с большей детализацией рассмотреть и исследовать карту.

Переводы политонимов, кратонимов, этнонимов.

Их мы пишем в оригинале, как они написаны на картах по принципу «как есть». Затем даем их переводы на казахский, английский, русский языки.

В средневековом латинском языке малая латинская буква «S» не писалась как сейчас – «s», а писалась похожей на другую латинскую букву, но без перекрестной черточки – *f*. Поэтому важно правильно читать наименования на картах, где они присутствуют. Важно не ошибаться. Это буква, дающая звук «S».

В переводах наименований Казахского Государства с применением этнонима «Татары» мы переводим их как «Тюрки». Именно так на своих картах называют все тюркоязычные народы европейцы, а позже, вплоть до XX века – американцы. Это является обоснованным, традиционным историко-лингвистическим подходом: это идентичные понятия, отражающие в целом Тюрков как этноязыковую, этнокультурную общность того времени, на обширных пространствах Евразии.

Это правило не одностороннее («Татары – это Тюрки»): действует и при обратном переводе с восточных, ориентальных трудов на европейские языки того времени, где встречается этот этноним («Тюрки – это Татары»). Так, собирательный этноним «Тюрки», европейские исследователи того периода, на протяжении долгого

времени на свои языки переводили как «Татары». К примеру, исторический труд XVII века Абулгази Бахадур хана, в оригинальном названии имеющий этноним «Тюрк»: «Шаджарайи Тюрк ва Могул» («Родословная Тюрков и Моголов») во французском переводе 1871 года идет как «Histoire des Mogols et des Tatares».

Автор благодарит национальные европейские и американские библиотеки, архивы, королевские библиотеки Европы и коллекции за возможность доступа, с которыми работал на протяжении этих лет.

Книга посвящена 30-летию юбилею Суверенитета Казахстана. Автором книга посвящена также любимой Матери – Каныгуль Байзаккызы, которая воспитала меня как патриота и личность, с детства привив огромную любовь к нашей Родине Казахстану и сформировала во мне привычку к внимательному чтению и исследованиям.

*Мухит-Ардагер Сыдыкназаров
к.ф.н., д.п., лауреат государственной
награды «За вклад в развитие науки
Республики Казахстан»,
главный научный сотрудник,
директор Института современных
исследований
Евразийского национального
университета им. Л. Гумилева,
профессор Института дипломатии
Академии государственного
управления при Президенте
Республики Казахстан.*

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ (ИРАН ЕЛІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ БОЙЫНША)



Бүгінде Наурыз мерекесін Шығыс елдерінің басым көпшілігі тойлайды. Наурыздың исламға қатысы болмаса да көптеген мұсылман елдерінде, мұсылман халықтары арасында кең тараған. Мәселен, Наурыз мемлекеттік деңгейде Албания, Әзірбайжан, Грузия, Иран, Қазақстан, Қырғызстан, Македония, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан және басқа елдерде тойланады. Оны сондай-ақ Татарстан мен Башқұртстан сынды Ресей аймақтарында, Қытайдың, Үндістанның, Ирактың жеке аймақтарында атап өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды дәстүрге айландырған.

Кең таралған Наурыз мейрамының бастауы мен тарихына үңілер болсақ зороастризм мемлекеттік діні болған парсы елінің ежелгі тарихына тірелеміз. Зороастризмнің «Авеста» қасиетті

кітабында Новруз мерекесі туралы айтылған. Авестаның іліміне сәйкес, адамдар әр көктемде жердегі тіршіліктің пайда болуын атап өтуі керек. Парсы деректері бойынша, Наурыз мейрамы біздің дәуірімізге дейінгі 550-330 жылдар шамасында, яғни осыдан 2500 жылдай бұрын Ахеменидтер династиясы кезінде тойланған. Зороастризмді ұстанушылар үшін жаңа жылдың келуін көңілді тойлау адамзаттың шүбәсіз міндеті, әлемдік қараңғылықпен, зұлымдықпен күресудің күшті қаруы, маңызды сәті болды. Ертеде отқа табынушылардың мейрамы болған Наурыз бірнеше ғасырлар бұрын өзінің діни мәнін жоғалтып, шын мәнінде көктемгі жаңару мен табиғаттың оянатын мерекесіне, халық үшін жаңару мен шабыт, ынтымақ пен бірігу мерекесіне айналды.

Иранның бай мәдениетінде зороастрийлерден мұра ретінде ерекше қамқорлықпен сақталып қалған мерекенің бірі – Наурыз мерекесі. Наурыз сөзі – парсы тіліндегі «ноу» (жаңа) және «руз» (күн) сөздерінің қосындысы ретінде, «жаңа күн» мағынасын береді. Наурыз – ирандық күнтізбе бойынша жыл басталатын күн, көктемнің астрономиялық басы, көктемгі күн мен түннің теңелу уақыты. Ирандықтар минутына дейін есептелген жыл басының дәл уақытын «сал тахвил» деп атайды. Мәселен, биыл 2023 жылдың 21 наурызында Иран күнтізбесі бойынша 1 фарвардиннің 00.54 минутында ирандықтар 1402 жылды қарсы алатын болады.

Наурыз тамырын өте ежелгі кезеңнен алатындықтан, оның тарихы мифтік, тіпті ертегілік сипатта қабылданады. Қазіргі Иранда Наурызға дайындық күндерін қоспағанда, жаңа жыл келгеннен кейінгі мерекелік іс-шаралар 13 күн бойы жалғасады. Халықтық шараларға тоқталар болсақ, Наурыз мерекесінен бірнеше күн бұрын, Иран қалаларының алаңдары мен көшелерінде Наурыз мейрамының келуінің хабаршылары ретінде «аму

Ноуруз» немесе «Хаджи Ноуруз» атты адамдар шығады. Олар ерекше дәстүрлі қызыл түсті киім, бастарына үшкір бас киім киеді, беттеріне қара түсті май жағады. Осылайша қолдарына сыбызғы алып көшелер мен алаңдарда Наурыз келуі жайлы хабар беріп, өлең оқып, ән салады.

Наурыздан бір апта бұрын барлық үйлерде арнайы көктемгі тазалық – «Хане текани» өткізіледі, үй іші міндетті түрде тазартылады, кілем, паластар, перделер жуылады, үй ағартылады, тұрмысқа қажетті жаңа заттар сатып алынады. «Үйді қағып-сілку» мереке алдындағы тазалау ғана емес, бұл көктемнің, тазалық пен жаңару уақытының символы. Бұл іске барлық отбасы мүшелері қатыстырылады, себебі осындай жұмыстар жақындардың бір-бірімен одан да тату, бауырмал болуына ықпал етеді.

Иран базарларының ерекше жандануы осы мереке қарсаңына сай келеді. Мейрамнан екі апта бұрын халық жаппай сауда жасауға кіріседі. Бұл күндері базар, дүкен сияқты сауда орындары кілем, палас, аяқ киім, тәтті тағамдар, жеміс-жидек, боялған жұмыртқа, қызыл балық сияқты мерекеге қажетті бұйымдарға толы болады. Одан өзге үй қожайындары – Наурыз күндері үйіне қонаққа келетін балаларға арнап банктен ұсталмаған жаңа ақша қағаздарын алады. Банктер де үлкен мейрамға арнайы дайындалып, барлық қызметкерлер жалақыларын жаңа банкноттармен береді.

«Сабзе» – бидайдың немесе жасымықтың жасыл өскіндері – өмірдің, көктемгі жаңаруының символы, мерекенің ажырамас атрибуты саналады. Наурыз басталғанға дейін екі-үш апта бұрын арнайы дәндер дайындалып, денсаулық, бақыт пен амандық тілей отырып, олар сумен толтырылған таяз қыш ыдысқа салынады. Наурызға қарай «сабзе» жақсы өсіп шығады. Өскіндер қызыл лентамен байланып, жаңа жылдық дастарханға «хафт син» элементтерінің бірі ретінде қойылады да үйде жаңа жылдың 13-күніне дейін сақталады.

Наурызға байланысты көне дәстүрдің бірі ол – «хафт син» (жеті «син» әрпі) дастарханның дайындалуы. Әр әулет өз үйінің ең жақсы бөлмесіне дастархан

дайындайды. Дастархан үстінде міндетті түрде басқа мәзірден өзге «син» әрпінен басталатын жеті элемент болуы қажет, олар: сир (сарымсақ), сиб (алма), сабзе (жасыл өскін), сенджед (шығыз жиде), серке (уксус), саману (пудинг), сомағ (сумах). Бұдан өзге дастархан үстіне Құран, айна, шырақ, жұмыртқа, алтын балық, анар, нан қойылуы қажет. Мерекелік үстелді безендіретін заттардың әрқайсысы символдық мағынаға ие.

Ирандықтар ескі жылдың соңғы аптасының сейсенбіден сәрсенбіге қараған түнін «чахар шанбе сури» деп атап, ерекше тойлап өтеді. Бұл күнге арнайы көже – «Ош Чахаршамбе Сури» әзірленіп, тәтті дәм жасалынады, туған-туысқандар шақырылады. Бұл күні көженің бір бөлігін кедейлерге тарату дәстүрі бар. Бұл дәстүрдің маңызды бөлігі от жағылып, отбасы мүшелерінің оттан секіруінде. Ондағы негізгі сенім, барлық жамандық пен дерт отқа жанып кетеді де, адам қасиетті қызыл оттан денсаулық пен жақсылық алады. Сонымен қатар, аптаның соңғы бейсенбісінде туысқандар бейіт басына жиналып, қайтыс болған адам үшін Алладан медет сұрайды.

Наурыз мерекесі қарсаңында араз адамдар өкпелерін ұмытып, қайта табысады, қарыздарын қайтарып Жаңа жылға ерекше дайындықпен аяқ басуға тырысады.

Осылайша, жаңа жыл келуіне бірнеше минут қалған уақытта отбасы мүшелері жаңа киімдерін киіп, «хафт син» дастарханы басына жиналады. Үй иесі қасиетті Құраннан бірнеше аят оқиды. Бұл күні алыстағы барлық отбасы мүшелері дастархан басына жиналуға тырысады. Жаңа жыл келген дәл уақыт радио, теледидар арқылы жария етіледі де, «накоре» атты музыкалық аспапта ежелгі әуен орындалады. Жаңа жыл келген алғашқы сәттен әулет мүшелері жаңа жылдың табысты болуын тілеп, жақсы тілектер айтады, бір бірін құшақтап, беттерінен сүйеді. Ата-аналар балаларына мерекелік сыйлықтар береді. Көбіне бұл сыйлықтар, ақша немесе алтын монета түрінде табыс етіледі. Сыйлық беру мен сыйлық алу Наурыз мерекесінің негізгі дәстүрі саналады. Мейрамның алғашқы

күнінен-ақ кездесулер мен қонаққа бару рәсімі басталады. Ең алдымен ата-ана үйіне, жасы үлкен туысқандар үйіне, кейінірек басқа туысқандар, достар, қызметкерлер үйіне құттықтап кіру абзал.

Наурыз мерекесінде барша халық қуанышты болсын деген ниетпен ауқатты адамдар мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуге тырысады. Кез келген адам қалауынша таныстарына, зәру адамдарға немесе алдын ала банктегі есеп нөмірі жарияланған орындарға қаражат бөле алады. Қоғамдық орындарда арнайы сыйлық пен ақша жинастырылады. Бұл шаралар Иранда «Қайырымдылық мерекесі» деп те аталады. Одан жиналған ақша жетімдер үйі, интернат, кәрілер үйі, мұқтаж отбасылар, қаражаты аз студенттер мен оқушылар сияқты орындарға беріледі.

Жаңа жыл мерекесінің тағы бір негізгі іс-шарасы «сиздах бе дар» (он үші – үйден тыс) деп аталады. Зороастризм мифологиясы бойынша 13 санының жағымсыз деп саналуына байланысты, фарвардин айының, яғни жылдың алғашқы айының 13-күнін жұрт үйден, қаладан тысқары өткізеді. Бұл күні таңертең адамдар арнайы дайындықпен жақындары немесе көршілерімен жиналып қала сыртына немесе демалыс орындарына шығады. Әңгіме айтып, тамақ жеп, қыздар болашақтарына тілек

айтып, бал ашады. Дем алып болған соң, үйлерінде арнайы бидай, бұршақтан өсірілген өскіндерін су ағатын арық пен жылғаларға тастап, кешкісін үйлеріне оралады.

Иранда фарвардин айының 1-нен 4-не дейінгі күндер және 13 барлық мемлекеттік мекемелер үшін демалыс күндері саналады. Ал, мектеп және басқа да оқу орындары 1-нен 13-фарвардинге дейін демалыста болады.

Наурыз дәстүрлері діні мен сеніміне қарамастан оңтүстіктегі Парсы шығанағынан солтүстіктегі Каспий теңізі жағалауына дейінгі барлық ирандықтарды біріктіріп келеді.

Ежелгі заманнан бері иудаизм, христиан және ислам діндерін ұстанатын көптеген халықтардың арасында тамыр жайып, Наурызды тойлау дәстүрлері кең таралып жалғасып келеді. Наурыздың ежелгі әдет-ғұрыптары бізді өткен өркениетпен біріктіріп қана қоймай, өткен, қазіргі және болашақ арасындағы «алтын көпір» болып табылады. Жасай бер Әзиз Наурыз! Құтты қадамың барша халыққа ынтымақ, бейбіт өмір, өркендеу мен молшылық алып келсін!

*Әбішева Мадина Мағазқызы, т.ғ.к.,
Конфессияаралық және
өркениетаралық диалогты ілгерілету
Департаментінің бас консультанты*

АНАЛИТИКА

ИНТЕРНЕТ-РЕКРУТИНГ: КАК КАЗАХСТАНЦЫ УХОДЯТ В ДЕСТРУКТИВНЫЕ ТЕЧЕНИЯ

Сегодня никто не представляет свою жизнь без собственных аккаунтов и видеоканалов социальных сетей, вся текущая личная жизнь, образовательная, познавательная происходит только благодаря к подключению к Интернету. Однако помимо положительных аспектов соцсети имеется ряд негативных нюансов, которые стали причиной вовлечения молодежи в ряды деструктивных религиозных течений, в т.ч. привели к совершению противоправных действий против общества и государства в целом.

Изучение потребностей молодежи

В настоящее время социальные сети содержат большой массив информации об идеологии и деятельности различных религиозных течений. Однако как показывает мониторинг и изучение религиозных материалов, в большей степени в Интернете представлены аккаунты и каналы деструктивных и псевдорелигиозных течений и радикальных организаций. Причиной этому является высокая заинтересованность деструктивных религиозных течений (далее – ДРТ) в рекрутинге и привлечении в свои ряды наибольшего количества новых неофитов, с целью извлечения разных выгод, от финансовых до трудовых повинностей. Поэтому ДРТ посредством использования различных информационных инструментов изучают потребности разных социальных групп населения и создают тот неповторимый, красочный религиозный контент, который интересен, доступен и понятен всем.

Чем вызван интерес к религии посредством соцсетей

Выбор источника религиозных знаний в пользу Интернета очевиден. Преимуществами сети являются удобство в поиске всевозможной информации,

прослушивания в т.ч. просмотра через видео. Однако необходимо понимать, что не вся информация, размещаемая в Интернете, достоверна, за исключением материалов, размещаемых традиционными конфессиями. Отличить достоверное от искаженного может только человек, имеющий соответствующее теологическое/религиозное образование, поэтому большинство людей, попадающих в сети деструктивных течений, в большинстве случаев — это люди, которые не обладают соответствующими знаниями либо те, кто только начал интересоваться азами религии. Именно так работают вербовщики религиозных течений, создавая различные группы и каналы для тех, кто интересуется основами религии. К примеру, для пользователей кто начал изучать основы ислама, в сети достаточно групп и сообществ, которые носят завуалированный характер, имеют соответствующие названия. К примеру, «Расскажи мне об исламе», «Познание ислама», «Любовь в Исламе», «Дневник мусульманки», «Пайдалы насихат», «Аль Нур» и т.д.

Подписка на деструктивные паблики

Так, подписываясь на сомнительные религиозные паблики в социальных сетях, они становятся потребителями искаженного контента, в результате чего, они постепенно радикализируются, несколько не сомневаясь в достоверности материалов.

Радикализация пользователей происходит постепенно, по мере потребления искаженных религиозных знаний, все больше подписываясь на партнерские паблики ДРТ в т.ч. на паблики содержащие призывы к совершению противоправных действий по отношению к представителям других

религий и т.д. В виду увеличения подобных подписок наших казахстанцев, в том числе, жителей нашей области на радикальные группы и каналы социальных сетей, мы организовали работу по выявлению и информированию их о подобных случаях. В 2021 году в результате мониторинга выявлена подписка 4 239 жителей Мангистауской области на деструктивные религиозные паблики в социальной сети ВКонтакте, в результате информирования, они покинули указанные группы, 15 пользователей привлечены к административным наказаниям за распространение противоправных материалов. За 11 месяцев текущего года 10 402 аккаунтам в ВКонтакте направлена уведомление о наличии подписки на деструктивные паблики, 10 402 закрытым аккаунтам предложена «дружба», 1129 аккаунтам совершено звонки и 1379 лицам направлено уведомление. В результате проведенной информационной работы 4089 аккаунтов отказались от подписок на деструктивные сообщества. Также на постоянной основе ведется работы по выявлению пользователей, распространяющих противоправные материалы в сети, в настоящее время 10 пользователей привлечены к административной ответственности. В I квартале 2022 года начата работа с 2116 аккаунтами, подписанными на 340 сообществ, распространяющих идеологию деструктивных течений в сети Instagram. Так, в результате уведомительной работы с ними, количество групп снизилось до 163, а количество отписавшихся аккаунтов составило 1881. Данная работа будет продолжена. Кроме того, в результате мониторинга интернет-пространства выявлено и направлено на блокировку 4 203 страницы социальных сетей, распространяющих материалы противоправного характера. Подобная предупредительная работа показала свою эффективность, многие пользователи

при предупреждении о подписках на сомнительные или псевдоисламские сообщества и каналы отписываются.

Как правильно постигать религию

Изучение религии не имеет по сути негатива, настоящая религия учит человека человечности, уважению всего живого, однако другой случай, когда пользователи постигают псевдорелигиозную идеологию, которая приводит на путь в никуда. Необходимо понимать, что поиск информации о религии в социальных сетях зачастую грозит опасностью попадания в ловушки вербовщиков радикальных религиозных течений и возможным нарушением законодательства РК. Поэтому при поиске религиозной информации нужно быть крайне избирательным, особенно в Интернете, во избежание подобных случаев необходимо соблюдать следующее: во-первых, брать информацию с официальных интернет-ресурсов религиозных объединений, которые также представлены на площадках популярных социальных сетей; во-вторых, достоверную информацию доступнее получать посредством посещения курсов изучения арабского языка и Корана при мечетях области, благо у нас много хороших устазов; в-третьих, сторониться сомнительных исламских каналов в социальных сетях ВКонтакте и Instagram, которые зачастую являются псевдоисламскими. В случае возникновения любых вопросов касательно религии Вы также можете всегда связаться с Центром изучения религий Мангистауской области.

*Руководитель Отдела по связям
с религиозными объединениями и
организации контртеррористической
пропаганды Управления по делам
религий Мангистауской области
Асет Нуров.*

<https://kazislam.kz/internet-rekruting-kak-kazahstancy-uhodyat-v-destruktivnye-techeniya/>

ДӘСТҮРІНДІ САҚТАУ – ЕЛДІГІНДІ САТПАУ



Салт-дәстүр ұлт үшін ғасырдан-ғасырға созылған жазылмаған дала заңы, сол ұлттың географиялық, климаттық ортасына сай қалыптасқан рухани әрі мәдени өмірінің негізгі бөлігі. Салт-дәстүр ұлттың ұзақ уақыт бойы заман талабына сай дамып, өмірлік тәжірибелермен толықтырылған, әрі ұлт ретінде өзін сақтап қалуы үшін қажетті рухани институт ретінде қалыптасқан өмірлік заңдылықтар мен ережелер жиыны. Бұл талаптар мен ережелер қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерінің өн-бойынан халықтың қуанышы мен қайғысын, білімі мен мәдениетін, тәрбиесі мен тағылымын, ұлттық болмысы мен бітімін, өткені мен бүгінін, тіптен келешегін де берік ұстағандығын озық салт-дәстүрлеріне қарап елестетуге болады. Біз ең әуелі кез келген ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың астарына үңілер болсақ, барлығында ұлттың ұлт болуы үшін қызмет ететін ерекше бір пайдалы функция жатқанын көреміз. Сәби өмірге келген сәттен бастап шілдехана өткізу, бесікке салу, азан шақырып ат қою, тұсау кесу, сүндет той, тоқымқағары мен тілашары, тай үйретіп, тақпақ айтып, домбыра шертіп, өлең айтқаны, айтыстарға қатысып жұрттың айызын

қандырғанына дейін, тіптен қыз балаға тән құда түсу мен сырға салудың, келін түсіріп, беташар жасаудың, ата-аналарға, үлкендерге жас келіндердің иіліп сәлем салуының, жігіттердің амандасқанда басын иіп, кеудесіне қолын қойып сәлем беруі, келіндердің қайын жұртының жасы үлкен, кіші болсын барлығының атын тергеп, оларды тура атын айтпай, өзі ең жақсы көретін атаулармен шақыруының астарында адам баласына ең керекті аса зор әдептіліктің асқар шыңы тұрса, әрбір адамның жасына, жынысына, ортасына, жұмысына, руына қарай кербездігі мен дала гүлдеріндей түрлі-түсті киімдері, таққан әсем бұйымдары мен ұлттық киімдерінің оюлары, бәрі-бәрі ешбір дінге, ешбір мазхабқа, ешбір қоғамдық заңдылыққа қайшы келер тұстары жоқ. Алла Тағала қасиетті Құранда намазды бір тілде оқуды әмір еткенімен бір тілде дұға етуді, бір тілде қарым-қатынас жасап, бір тілде сөйлеуді, бір киіммен, бір дәстүрмен өмір сүруді әмір етпеген. Ол туралы Пайғамбар (с.а.с.) бір хадисінде былай дейді: «Шын мәнінде, Алла Тағала сендердің сыртқы дене-бітімдеріңе не түр-тұрпаттарыңа емес, жүректерің мен амалдарыңа қарайды», – деген. Хадистен Алла Тағалаға сүйікті құл болу бір ұлттың

киімі мен дәстүрінің керемет немесе нашарлығына байланысты емес екендігін көре аламыз. Мәселе салт-дәстүрді заман талабына сай дұрыс дін мен ділге, ғылым мен білімге қызмет еттіре алуда екен. Қазақ ұлтының қай қырынан қарасақ та, ислам дінінің шариғат талаптарына сай келмейтін ешқандай бір салты мен дәстүрі жоқ. Қандай да бір салт пен дәстүрдің түбірін қазбаласақ, Құранның аяттарының үкімі мен Пайғамбардың (с.а.с) хадисі немесе сүннеті шығатыны белгілі. Ендеше қазақ ұлтын бір дене деп елестетсек, ұлттық салт-дәстүрлеріміз – адам жаны сияқты, оның рухани күші. Қанша жерден дене мықты, күшті, қуатты, қарны тоқ болғанымен оны басқарып, әрекетке келтіретін рухы сау болмаса, ауру дененің мықты болғанынан не пайда? Тура осындай қазіргі заманда өзін қазақ санайтын, ақшалы, қайратты, күшті, мансабы жоғары адамдар болуы мүмкін, алайда өн-бойларында қазақы болмысты титтей де белгісі жоқ, ұлттық дәстүрдің не екенін білмегені былай тұрсын, оған мұрнын шүйіріп қарайтындар бой көрсете бастады. «Тегін білмеу тексіздіктің белгісі» деп қараған бабалар тәмсіліне жүгінер болсақ, өз ұлтының тегі мен тарихын, өткені мен бүгініне көз жүгіртіп, заман көшіне сай ұлттық құндылықтарға ие бола

алған адам ғана өз ұлтын мақтаныш тұта алады, болмаса Б. Момышұлының сөзімен айтқанда «Өз ұлтын сыйламау және оны мақтаныш етпеу – сатқындық», – дегендей, мейлі ғылым немесе дін жағынан, немесе ақша мен атақ жағынан жетістікке жетсе де, бәрібір өз халқының ұлттық құндылықтарын сыйламаса, білмесе, оны мақтаныш етіп, әлеуметтік өмірде оны қолданбаса, ол ұлттың тілімен сөйлеп, ділімен жүрмесе, оны сол ұлттың өкілі деп қараудың өзі асығыстық.

Қазіргі адамзат баласына, әсіресе қазақ ұлтына заман көшіне ұлттық болмысымызды жоғалтпай ілесудің жалғыз жолы – ұлттық құндылықтарымыз болып саналатын салт-дәстүрлерімізді алтындай қадірлеп, адамзат қоғамының дамуына интеграцияға түсуіміз керек. Егер керісінше дәстүрімізді менсінбей, өзгенің тозығын озық санап, соларға еліктеп, барымызға қанағат етпесек, бөтен бір халықтың құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету қауіпіне ұшырап, ұлттық ерекшелігімізден жұрдай болған дүбара бір халық боларымыз белгілі.

А. СЕЙДУӘЛІ, теолог маман

<https://kazislam.kz/dasturdi-satpau-eldigingdi-saqtau/>

WOMEN MORE RELIGIOUS THAN MEN? IT'S A MYTH



It is true for almost all churches. Attendees are more often female than male. In addition, mothers take more responsibility for the religious education of children than fathers. Yet, it is a myth that women would be more religious, Dutch daily *Nederlands Dagblad* concludes in an analysis.

Women pray more often than men, read more in the Bible and are more often member of a church, the *Nederlands Dagblad* points out. In the Western world, about 60 per cent of churchgoers is female. And this is not new; in the first Christian churches, women played an important role.

They are indeed more faithful than men, the *Nederlands Dagblad* concludes. Women are more open to the spiritual and find it easier to entrust themselves to God. Men think more often that they need to be independent. In addition, some say that many churches have become more and more female. Some men would leave the church because they would not like to see a woman on the pulpit.

Social activities

Yet the question remains whether women like going to church better than

men. According to the analysis of the *Nederlands Dagblad*, it may also have to do with social expectations that differ for men and women. "Many church activities have to do with children, and women still have the largest responsibility in childcare", the Dutch daily writes. In addition, women are expected to act more social than men. Thus, it is harder for them to withdraw from social activities. If one would take into account all these factors, it seems that women may actually not be much more religious than men, the American theologian Laura Robinson says.

Dutch research concluded in 2019 that there are three reasons why women participate more often in church activities than men. All three have nothing to do with personal faith. The first reason is that women have more health problems on average than men. That would explain why they find it not as difficult to entrust themselves to others. Furthermore, they would avoid risks more than men. They may see the church as something that might be good for something in any case. Lastly, women are more likely to care for others and thus help out with church activities.

Relevant

The *Nederlands Dagblad* concludes that men leave the church first when they do not see it as relevant anymore. Women stay longer, but not because they have more faith. "Not that they care so much, but more because they are used to being social and waiting till things go over again", the newspaper writes.

<https://cne.news/article/2692-women-more-religious-than-men-it-s-a-myth>

ДӘСТҮР ЖӘНЕ ДІН

САЛТ-ДӘСТҮР – МӘДЕНИЕТТІҢ БАЙЛЫҒЫ



сурет bilimdiler.kz порталынан



сурет <http://ernur.kz/> порталынан

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір сүру қағидасы, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған.

Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-

әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай.

Бүгін салт-дәстүр аясында қалыптасқан мейрамдардың бірі Көрісу күніне және Наурыз мейрамына тоқталып өтейік.

14 Наурыз кезінде ұмытылып барып, соңғы жылдары ұлықталап жатқан мерекелердің бірі - Көрісу күні. Бұл мерекенің қазір қайта жаңғырып жатқан көріп отырмыз. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының мерейлі бастауы ретінде тойланатын бұл күнді кей жерлерде «амал» деп те атайды.

Көрісу күні – ескі жылдан жаңа жылға аман жеткен қуаныштың, ағайынның арасына сыйластықты дарытатын ынтымақ пен бірліктің, татулықтың мерекесі. Қар еріп, жер жіби бастағанда, шеті мен шегі жоқ сайын далада тарыдай шашылған халық туған-туысын, жақын-жуығын іздеп, бір-бірімен сағына көрісетін болған. Өкпе-реніштері болса кешіріп, араздықты ұмытып, әрбір жанға амандық-саулық, құт-береке тілеп, Жаңа жылды ақ пейілмен бастаған.



Бұл күні таң атысымен, мерекені асыға күтіп отырған әрбір отбасы ұлттық тағамдардан дастархан жаяды. Елдің кішілері үлкендерге арнайы барып сәлем беріп, құшақтасып көрісіп, мерекемен құттықтайды. Ал үлкендер жағы да мерекемен құттықтап, бата-тілектерін білдіреді. «Жаңа жасың құтты болсын!», «Жыл басы – Наурыз мерекесі құт-береке әкелсін!», «Алла елімізді тыныш, ұрпақтарымызды аман етсін!», «Ғұмырлы болайық!» деген сынды ақжарма тілектерін жаудырады.

Көне салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыздың ішінен халқымыз үшін ең қадірлісі, рухани, мәдени және адамгершілік тұрғыдан құндысы ғана желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Сондай қымбат қазыналарымыздың бірі – Наурыз мерекесі. Наурыз – бүкілхалықтық мейрам, Ұлыстың ұлы күні. Халқымыз Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны ерекше тойлауды салт-дәстүрге айландырған.

Наурызда қыс өтіп, көктем жетеді. Қыс бойы ақ көрпеге оранып «өліп» жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық. Қыстың өтіп, жаздың жетуіне қазақтан артық қуанатын ел болмаған, өйткені тіршіліктерінің тірегі кәсібі болса, қазақтың шаруасы тікелей табиғатқа тәуелді мал шаруашылығы екені белгілі. Өнері, кәсібі, зауыты, фабрикасы бар елдер қыстың қысымын қазақтай көрмейді. Табиғаттың тылсым сырларына, жаңа айдың қалай туғанына дейін ерекше мән береді.

Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15 наурызда Қазақ СР Президентінің қаулысымен мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз

мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген мәртебе берді.

Тәуелсіздігімізді алғаннан бері Наурыз мерекесі барлық қалаларда, облыс, аудан орталықтарында, ауылдарда бүкілхалықтық мейрам ретінде мемлекеттік деңгейде тойланып келеді. Халықтың санасында орныққан қасиетті күнді қайта жаңғырту – өткенімізге оралтып, өшкенімізді қайта жаңғыртуға негіз болды.

